



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Ө.ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАСТАН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Бекітемін»
«Басқару» бөлімі –
Ректор у.м.а.
Д. Сугирбаева
« » 2024 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ
БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА БИОЛОГИЯДАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДА ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Жаратылыстану факультеті «Биология» кафедрасында В015 – Биология мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттік олимпиаданы өткізу туралы

ЕРЕЖЕ

1. Қолдану аймағы

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім Министрлігі Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасында биологиядан республикалық пәндік олимпиаданы (бұдан әрі - олимпиада) ұйымдастыру және өткізу тәртібін реттейді.

Ереже олимпиадаға қатысатын барлық қатысушылар мен құрылымдық бөлімшелерге қолданылады.

2. Жалпы ереже

Осы Ереже, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің КеАҚ «Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» базасында олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібін, оны ұйымдастырушылық – әдістемелік қамтамасыз ету, олимпиадаға қатысу ережелері, жеңімдаздарды анықтау және олимпиада материалдарын сақтау ережелерін және мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

Олимпиада мақсаты: болашақ кадрларды одан әрі ғылыми қызметке тарту және еліміздің ғылыми әлеуетін кеңейту үшін олардың құзыреттіліктерін қалыптастыру және даму деңгейін анықтау.

Олимпиаданың негізгі міндеттері:

1. Білім алушылардың оқу-танымдық және оқу-зерттеу қызметіне ынталандыру;

2. Білім алушылардың кәсіби және тұлғалық мүмкіндіктерін, олардың өзіндік санасын, шығармашылық қабілеттерін ашу, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі бекіту үшін жағдай жасау;

3. Ең дарынды және дарынды білім алушыларды іріктеу және қолдау.

Олимпиада - «Биологияны оқыту әдістемесі» курсы бойынша бір сабақтың қысқа мерзімді жоспарын және осы сабақтың бейнематериалын (ұзақтығы 5-7мин) болатын үй тапсырмасынан, биологияның негізгі бөлімдері бойынша теориялық және практикалық тапсырмалар мен конкурстық сипаттағы сұрақтардан құрастырылған тапсырмалар негізінде өткізіледі. Олимпиада тапсырмалары жалпы құрылымға, логикаға және проблемаға бағытталған.

Олимпиада қазақша және орысша тілде өткізіледі.

Олимпиаданың өтетін орны, формасы, уақыты туралы ақпарат университеттің ресми сайтында орналастырылады.

Университет олимпиаданы ұйымдастырушы ретінде:

- олимпиаданы өткізу туралы ережені әзірлейді, бекітеді және <https://okmpu.edu.kz> ресми сайтында жариялайды;

- олимпиаданың ұйымдастыру комитетін, жұмыс тобын және олимпиаданың қазылар алқасын құрады, олардың құрамы мен өкілеттіктерін бекітеді;

- олимпиада нәтижелерін бекітеді және оларды олимпиадаға қатысушылардың назарына жеткізеді;

- олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне дипломдар береді.

3. Олимпиаданы әдістемелік-ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

Олимпиаданы әдістемелік-ұйымдастырумен қамтамасыз ету үшін университетте олимпиаданы ұйымдастыру комитеті, жұмыс тобы және қазылар алқасы құрылады.

Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті олимпиаданың профилі бойынша мамандар арасынан құралады.

Олимпиаданы ұйымдастырушы:

- олимпиаданың өткізу формасын және кезеңдерін, санын, атауларын, анықтайды;

- олимпиаданың бағдарламасын бекітеді, қатысушыларды тіркейді, олимпиадаға қатысты ағымдағы мәселелерді шешеді, олимпиаданың бұқаралық ақпарат құралдарына және университеттің ресми сайтында жариялануын ұйымдастырады.

Жұмыс тобы университетінің ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінен құралады. Оның құрамына олимпиада профилі бойынша мамандар болып табылатын басқа ғылыми немесе білім беру ұйымдарының беделді өкілдері шақырылуы мүмкін.

Олимпиаданың жұмыс тобының мүшелері олимпиада тапсырмаларын жария етпеу міндеттемесіне қол қояды, оның формасын ұйымдастыру комитеті бекітеді.

Жұмыс тобы:

- дайындық профилі бойынша олимпиада тапсырмаларын әзірлейді және бекітуге ұсынады;

- олимпиада тапсырмалары материалдарының құпиялылығын және олимпиада тапсырмалары материалдарының мазмұнын жарияламауды қамтамасыз етеді.

Қазылар алқасының құрамы ұйымдастырушы университеттің ғылыми-педагогикалық қызметкерлері мен қатысушы ЖОО басшыларынан құрылады. Олимпиаданың қазылар алқасының мүшелері олимпиаданың жұмыс тобының құрамына кіре алмайды.

Қазылар алқасының шешімі, егер отырысқа қазылар алқасы мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса және оған қатысқандардың 50%- дан астамы оны қабылдауға дауыс берсе, заңды деп есептеледі. Қазылар алқасының шешімдері хаттамамен рәсімделеді және оған отырысқа қатысқан қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.

Қазылар:

- олимпиадаға қатысушылардың олимпиаданың барлық кезеңдерінің тапсырмаларын орындауының дұрыстығын анықтауға, олимпиадаға қатысушылардың жұмыстарының нәтижелерін бағалауға, нәтижелер бойынша жұмысты талдауға айрықша құқығы бар;

- олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау бойынша ұйымдастыру комитетіне ұсыныстар дайындайды;

- олимпиаданың қатысушылары олимпиада тәртібін бұзған жағдайда оларды дисквалификациялау туралы шешім қабылдайды;

- қазылар алқасы отырысының қорытынды хаттамасын дайындайды.

4. Олимпиадаға қатысу тәртібі

Республикалық пәндік олимпиадаға В015 – Биология мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша күндізгі бөлімде оқитын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері қатыса алады.

Өткізілу уақыты және күні (Астана уақытымен)

18 сәуір 2024 жыл – I кезең (09.00 – 12.30 уақыт аралығы);

19 сәуір 2024 жыл – II кезең (09.00-12.00 уақыт аралығы);

19 сәуір 2024 жыл жеңімпаздарды жариялау және марапаттау (14.00 бастап).

Өткізілу орны: Олимпиада Ө.Жәнібек атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті базасында өткізіледі, мекен жайы: Шымкент қ, Байтұрсынов,13.

Олимпиадаға қатысуға өтінім Ұйымдастыру комитетіне электронды түрде olympiada.biology2024@gmail.com поштасына 2024 жылдың 5 сәуіріне дейін жіберіледі.

Олимпиадаға жіберу төлқұжат немесе жеке басын куәландыратын басқа құжатты көрсеткеннен кейін ұйымдастыру комитетінде алдын ала тіркелгеннен кейін жүзеге асырылады.

5. Олимпиаданы өткізу тәртібі

Биология пәнінен Республикалық пәндік олимпиада 2 кезеңнен тұрады. I және II кезеңде биологияның негізгі бөлімдері бойынша теориялық және практикалық тапсырмалар орындалады.

Командалар 1 кезең басталар алдында қазылар алқасына «Биологияны оқыту әдістемесі» курсы бойынша бір сабақтың қысқа мерзімді жоспарын электронды және қағаз түрінде жетекшінің қолымен куәландырылған және сол сабақтың ұзақтығы 5-7 минуттан аспайтын бейнематериалын электрондық түрде ұсынады.

Олимпиаданы өткізер алдында қатысушыларға түсіндіріледі:

- тапсырма құрылымы;
- тапсырмаларды орындау және жабдықтау тәртібі;
- қатысушылардың міндеті және құқығы.

Олимпиаданың жұмыс тілі – қазақша, орысша.

Тапсырмаларды тексеру әр кезең аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Қорытынды екі кезеңнен және үй тапсырмасының нәтижесі бойынша шығарылады (ҚМЖ).

Олимпиадада жазу тәртібі

Олимпиада басталар алдында қатысушының үстелінде университет мөрі басылған таза (қосымша жазусыз) А4 парақтары, қара/көк гель/шарлы қалам, қарапайым қарындаш, жеке басын куәландыратын құжат (төлқұжат, жеке куәлік) қана болу қажет.

Олимпиада тапсырмасын орындау кезінде жұмыс орнынан шығуға тыйым салынады!

Олимпиада тапсырмасын орындау кезінде қатысушыға тыйым салынады:

- кез келген материалдар мен заттармен байланысу және алмасу, басқа адамдардың шешімдерін пайдалану;
- өзіңізбен және жұмыс орныңызда байланыс құралдары, электронды есептеуіш машиналар (калькуляторды пайдалануға рұқсат етіледі), фото, аудио және бейне жабдықтар болуы;
- олимпиаданы жазу кезінде қатысушыларға үшінші тұлғалармен әңгімелесуге, тапсырмаларды, шешімдерді және сұрақтарды дауыстап айтуға тыйым салынады.

6. Олимпиаданы қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

Олимпиаданың қазылар алқасы орындалған тапсырмаларды өз бетінше тексеріп бағалайды.

Қазылар алқасы олимпиаданың қорытындысы бойынша қатысушыларды марапаттау туралы шешім қабылдайды.

Олимпиада жеңімпаздары қазылар алқасының жұмыстарды сараптауы негізінде анықталады. Ең көп ұпай жинаған қатысушылар олимпиада жеңімпаздар болып табылады. Қазылар алқасы олимпиаданың әр кезеңінің қорытындысын сол кезең өткен күні шығарады. Қазылар алқасының соңғы шешімі шағымдануға жатпайды.

Жеңімпаздарды марапаттау туралы қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді.

Жүлде орындары анықталады:

Жеке есепте:

I орын - 1;

II орын – 2;

III орын – 3;

Командалық есепте:

I орын – 1;

II орын – 2;

III орын – 3.

Олимпиада жеңімпаздары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Дипломымен марапатталады.

Олимпиаданың барлық қатысушылары және олардың жетекшілері олимпиадаға қатысқаны туралы сертификаттармен марапатталады.